



Таң атқанда

Сөзі Нұрғожа Ораздікі

Әні Жақсылық Мұқановтікі

Терең сезіммен



1. Таң торғайы жырлап қанат қағыпты,
Ақ шолпанды кербез аспан тағыпты,
Шұғыласын тарам-тарам таратып,
Шығыс жаққа нұр шапағын жағыпты.

2. Өнші торғай әйгілі еді ән - жырын,
Бар әлемге паш етеді бал үнін.
Қош, қош айтып, шолпан да тұр жымындап,
Сұлу ма еді тап осылай таң бұрын?

3. Самал жел де гүлді желпіп тарайды,
Мөлдір шықтың моншақтарын санайды.
Сондай мөлдір қара көзің күлімдеп,
Көп тұрдың ғой, қоштасайық, жарайды.